

"Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған, тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғаларды есепке алу туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 20 қаңтардағы N 4 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2006 жылғы 14 қыркүйектегі N 48 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 13 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4424 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м.а. 2015 жылғы 20 ақпандағы № 36 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының м.а. 20.02.2015 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған, тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғаларды есепке алуды жетілдіру мақсатында, "Прокуратура туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған, тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғаларды есепке алу туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 20 қаңтардағы N 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2741 санымен тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде 2004 ж., N 13-16 915 бап. жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған, тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғаларды есепке алу туралы
Н ұ с қ а у л ы қ т а :

7-тармақта "жауаптылыққа" сөздерінен соң "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес" сөздерімен толықтырылсын;

8 - т а р м а қ т а :

бірінші азат жолда "жаза салу туралы актінің көшірмесін міндетті түрде қосу арқылы" сөздері алып тасталсын;

1) тармақшада "кідірмей" сөзі "сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы істі (материалды) қарау жөніндегі хабарламаны алған сәттен бастап 3 жұмыс күнінің ішінде" сөздерімен ауыстырылсын;

2) т а р м а қ ш а д а :

"кідірмей" сөзі "3 жұмыс күнінің ішінде" сөздерімен ауыстырылсын;

"жаза салу туралы актінің көшірмесін міндетті түрде қосу арқылы" сөздері алып тасталсын;

9-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"9. Қызметі әскери және көлік прокурорларының қадағалауындағы мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар Комитеттің соған сәйкес әскери және аймақтық көлік басқармаларына кәртiшкенi жолдайды.";

1 1 - т а р м а қ т а :

бірінші азат жолында:

екінші және үшінші сөйлемдері алып тасталсын;

"4-тармақ", "5-тармақта", "6-тармақта", "7-тармақта", "8-тармақта" сөздері соған сәйкес "2-тармақ", "3-тармақта", "4-тармақта", "5-тармақта", "6-тармақта" сөздерімен ауыстырылсын;

екінші азат жолда "9-17-тармақтарда" сөздері "7-11-тармақтарында" сөздерімен ауыстырылсын;

1 2 - т а р м а қ т а :

бірінші азат жолда "18, 19-тармақтарында" сөздері "12, 13-тармақтарында" сөздерімен ауыстырылсын;

екінші азат жолда "20, 21-тармақтар" сөздері "14, 15-тармақтар" сөздерімен ауыстырылсын;

14-тармақта "5 жұмыс күнінен кешіктірілмей" сөздері "3 жұмыс күнінің ішінде" сөздерімен ауыстырылсын;

15-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"15. Толық емес немесе айқын емес мәліметтерден тұратын, осы Нұсқаулықтың талаптарын бұзу арқылы немесе белгіленбеген үлгідегі бланкілерде толтырылған кәртiшкелер тіркелмейді және оларды жіберген органға келіп түскеннен кейінгі 3 жұмыс күнінің ішінде қайтарылуға жатады.

Түзетуден өткен кәртiшкелер келіп түскеннен кейінгі 3 күннің ішінде Комитеттің аймақтық басқармасына тіркеу үшін жіберілуге жатады.";

17-тармақтағы мәтін бойынша»кідірмей»"сөздері»3 жұмыс күнінің ішінде" сөздерімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 17-1-тармағымен толықтырылсын:

"17-1. Кәртiшкелердің уақытылы ұсынылуын есепке алу мен бақылаудың толықтығын қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері тоқсан сайын (есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне

дейін) Комитеттің аймақтық басқармасының тиісті деректер банкімен салыстыру
ж ү р г і з у і қ а ж е т .

Салыстыру актілерінің кестесі, үлгілері және нысандары Комитеттің аймақтық басқармасымен алдын ала келісіледі.";

"19-тармақ» мемлекеттік қызметке тұру" сөздерінен кейін "және әкімшілік мемлекеттік қызметкердің басқа мемлекеттік лауазымға ауысуы кезінде";

20-тармақ келесі редакцияда берілсін:

"20. Ақпаратты талап ету, 3-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті тұлғаның, немесе оған теңестірілген тұлғаның, сонымен бірге мемлекеттік қызметке орналасуға үміткер тұлғаның атына Комитетке сұранысты жолдау арқылы жүзеге асырылады.

Тұлғаның тәртіптік құқық бұзушылықты қайта жасағандығын айқындау үшін жолданатын сұраныстар да осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес ресімделінеді.";

21-тармақ келесі мазмұндағы азат жолмен толықтырылсын:

"Ескерту: құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің қажетті ақпаратты алуы үшін оған Комитеттің орталықтандырылған деректер банкіне берілетін алыстатылған электрондық рұқсатты сұраныс режимінде пайдалануына мүмкіндік беріледі."

Осы Нұсқаулыққа қоса берілген "Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған, тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғаларды есепке алудағы N 1-К нысанды кәртiшке" 1-қосымша осы бұйрыққа қоса берілген 1-қосымшаға сәйкес жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) осы бұйрықты төмендегілерге:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу жүргізу үшін;

2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне және Комитеттің аймақтық органдарына орындау үшін жолдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Орынбасары - Комитет Төрағасына жүктелсін (Ким Г.В.).

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап қолданысқа енеді.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

К Е Л І С І Л Г Е Н :
Қазақстан Республикасының

29 тамыз 2006 жыл

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2006 жылғы «14» қыркүйектегі
N 48 бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 20 қаңтардағы
N 4 бұйрығымен бекітілген
Сыбайлас жемқорлық құқық
бұзушылықтар жасағаны үшін
тәртіптік жауаптылыққа
тартылған тұлғалардың
есебін жүргізу туралы
Н ұ с қ а у л ы қ қ а

1-қосымша

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін
тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғаларды есепке
алудың N 1 нысанды көртішкесі
(сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы материалды
(хаттаманы) қарау нәтижелері бойынша жауаптылығы "Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы күрес туралы" ҚР Заңымен қаралған
сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтаған органмен
құрылады)

1. _____
(құқық бұзушылықты анықтаған органның атауы)
2. Жасалған: депутатпен (1), сотпен (2), әкіммен (3), Президенттікке
және депутаттыққа кандидатпен (4), мынадай органдардың лауазымды
тұлғаларымен: ІІМ (5), ҚР ЖС жанындағы Сот әкімшілігі комитетінің
соттар әкімшілігінің, әділеттің (6), қаржы полициясының (7),
ҰҚК (8), прокуратураның (9), ҚМ КБК (10), Салық Комитетінің (11),
ҚМ әскери қызметкерлерінің (12), ІІМ ІӘ (13), ҰҚК шекара
қызметінің (14), Республикалық гвардияның (15), ТЖМ (16), өзге де
мемлекеттік құрылым қызметкерлерінің (17)

(ведомстволар атауы)

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы материалды (хаттаманы)

қараған

органның

атауы:

4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" ҚР Заң-ң норма-ры б-ша
құқық бұзушылықты саралау

бап _____ тармақ _____ тармақша _____

5. Материал (хаттама) мәніне қарай қаралған:

5.1. Бұйрық (шешім) N _____ "_____" _____ 20__ ж.

6. Мынадай жаза шарасы қолданылған: лауазымынан босату (1),
лауазымын төмендету (2), қызметтік сәйкестігі толық еместігі туралы
ескерту (3), қатаң сөгіс (4), сөгіс (5), ескерту (6), басқа да
жаза (7) _____

Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасағаны үшін
жауаптылыққа тартылған тұлға туралы мәліметтер

7. ТЕГІ | АТЫ | ӘКЕСІНЕ АТЫ

8. Туған күні "_____" _____ 20__ ж.

9. Тұрғылықты (тіркелген) мекен-жайы _____

10. Жұмыс орны _____

11. Лауазымы _____

12. Кәртiшкенi толтырған тұлғаның лауазымы, тегі, қолы _____

13. Толтырылған күні "_____" _____ 20__ ж.

14. Аймақтық басқармада тіркелген күні "_____" _____ 20__ ж.

бірыңғай журнал бойынша материалдың (хаттаманың) N _____

15. Аймақтық басқарма қызметкері _____

(лауазымы, тегі, қолы)

Ескерту: кәртiшке ресми статистикалық құжат болып табылады;
оған қол қойған тұлғалар көрінеу жалған мәліметтерді енгізгені
үшін заңдармен белгіленген тәртіпте жауапты болады.

